

Еліміздегі жоғары оқу орындары арасында жетекші орындардың бірін иеленген университетіміз бүгінгі таңда өзінің заманауи оқу ғимараттарымен, сондай-ақ, әлемдік стандарттарға сай келетін оқу бағдарламаларымен ерекшеленеді.



## САПАЛЫ БІЛІМ — ГРАНТ КЕШІЛІ

Университет құрамында 14 факультет бар. Соның ішінде Шетел студенттерімен жұмыс жүргізу және жоғары оқу орнына дейінгі дайындық факультеті жұмыс істеп келеді. Факультетте шетелдік қазақ жастарының жоғары оқу орнына түсуіне септігін тигізетін дайындық курсы жұмыс жүргізеді. Мұнда, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Түркия, Қытай, Сирия, Қырғызстан, Ауғанстан, Ресей, Армения және Оңтүстік Корея сияқты әлемнің 11 елінен 700-ден астам студент білім алуда. Осының езі оқу орнымыздың халықаралық танымалдығын, еліміздің іргелі жоғары оқу орындарының санатына кіретінін, білім беру сапасының жоғары екендігін көрсетеді.

Шет елдегі қазақ диаспорасы өкілдеріне арналған дайындық курстарының жұмысы қазан айынан бастап жүргізіледі. Дәрістер ұлттық бірінғай тестілеуге кіретін 11

пән бойынша өтіліп, тыңдаушыларға ай сайын 17 807 теңге көлемінде шәкіртақы беріледі. Сонымен бірге тегін оқулықтармен, жатақханамен қамтамасыз етіліп, университеттің спорт залдарында және ғаламтор желісімен жұмыс жасауға мүмкіндік берілген.

Факультет жанынан жергілікті мектеп оқушыларын ҰБТ және кешенді тестілеуге дайындайтын ақылы даярлық бөлімі де жұмыс жүргізіп келеді. Дайындық бөлімінде дәріс беретін оқытушылардың барлығы дерлік тәжірибесі мол, білікті мамандар.

Үш пән (қазақ тілі, Қазақстан тарихы және математика) және таңдау пәндері бойынша (география, химия, биология, физика, әдебиет, жалпы тарих, шет тілі және т.б.) мамандар дәріс береді.

Дайындық курсынан дәріс алған

тыңдаушылар тест сынақтарынан сүрінбей өтіп, еліміздің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының гранттарына ие болып, студент атанып жүр.

Шетелде тұратын қазақ диаспора өкілдері мен аралмандар факультеттің жоғары оқу орнына түсуге арналған ақысыз дайындайтын бір жылдық курсына әр жылдың тамыз айының 20-на дейін құжат тапсыруларына болады. Барлық сұрақ бойынша төмендегі мекен-жайға хабарласу керек:

**Ж. БАЙНАЗАРОВА, М. Әуезов атындағы ОҚМУ-дың Шетел студенттерімен жұмыс жүргізу және жоғары оқу орнына дейінгі дайындық факультетінің оқытушысы**